



## «Сен жанбасаң, лапылдап...»

«17\_jastar» театры күздің алғашқы күндерін көрермен қауымға Әзіл-сықақ және сатира театрында башқұрт жазушысы Баймұхамбетов Айгиз Физзатұлының «Тастамашы ана» шығармасы желісімен «Жарық дүниеде жалғызбын» атты қойылымын көрерменге тарту етті. Театр басшысы - Рүстем Жантілесұлы, қоюшы режиссер - Фархадбек Ханафин.

Қойылым ата-анасынан айырылған жетім балалардың аянышты тағдырын баяндайды. Балалар үйіндегі ұл-қыздардың өмірі көрерменге түсінікті тілде жеткізіледі. Жазушы бас кейіпкер Илиястың жан дүниесін ашу арқылы бүгінгі қоғамның бет-бейнесін көрсеткісі келген. Қойылымды көрген көрермендер атаның қадірін түсініп, бақытты аялады үйренеді. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің әлеуметтік жетілуі мен рухани қалыптасуына отбасылық жылу мен мейірге зәру екендігі айқын көрінеді.

«17\_jastar» театрының шығармашыл, ізденімпаз, дарынды жастары М.Әуезов атындағы ОҚУ

Мәдениет және спорт факультеті, Театр және эстрадалық шығармашылық кафедрасының түлектері мен таңдаулы студенттерінен құралған. Театр сахнасындағы жалынды жастардың жаңаша бағыты кез – келген талғампаз көрерменнің көңілінен шығып, ерекше ой қалдыратын туындыларға байып келе жатқаны көңіл қуантады. «17\_jastar» театры жетекшілері мен жас актерларға тек толағай шығармашылық табыстар тілейміз.

Е. АБСАМАНОВА, А.ҚОНЫСПАЕВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
Мәдениет және спорт факультеті,  
Театр және эстрадалық  
шығармашылық кафедрасының  
аға оқытушылары